

# Жақсылардың игі ісі

Балаларға жаңа жылдық сыйлықтар мен тәттілер табысталды

Кішкентай баладан, еңкейген қарияға дейін Жаңа жылдан жақсылық, жаңа үміт, тосын сый күтетіні анық. Әсіресе, кішкентай бүлдіршіндер ертегіге, ғажайыпқа сенеді. Біздің ауданымызда да Жаңа жыл мерекесі қарсаңында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Осындай ертеңгіліктердің ең ерекшесі – мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған шырша тойы болды. Бұл күні сыйлықтар тарту етіліп, ертегі кейіпкерлері балалармен ойындар ойнап, көңіл-күйлерін көтерді.

Жаңа жыл қарсаңында мүмкіндігі шектеулі 15 балаға «Қарқын» ЖШС директоры Еркін Бұқановтың отбасының атынан жаңа жылдық сыйлықтар тарту етілді. Жақсы жандардың игі бастамасының арқасында балапандарымыз қуаныш пен шаттыққа кенелді. Мүмкіндігі шектеулі бааларға «Юбилейный» мәдениет үйінің төрінен мерекелік ертеңгілік ұйымдастырылды.

Мерекелік шарада балалар жасыл шырша



маңына топтасып, ән шырқап, би биледі. Аяз Ата мен Ақшақар баалармен бірге ертегілер әлеміне саяхат жасады. Шырша шамы жағылып, түрлі қойылымдар көрсетілді. Аяз Ата мен Ақшақар сыйлықтан өзге сиқырлы ертегі, мерекелік көңіл-күй, жақсы тілектерін сыйлады.

Жиынға Мендіқара ауданы әкімінің орынбасары Мәрлен Сандыбеков, балаларды мерекемен

құттықтау үшін арнайы келген Ләйлә Бұқанова және ата-аналар мен мүмкіндігі шектеулі балалар қатысты.

Ләйлә Нұрланқызы барша балапандарды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, бааларға планшеттер, жұмсақ ойыншықтар және тәттілерді сыйға тарту етті.

Бұл күні әр сәбидің жүрегіне қуаныш ұялап, жаңа үміт шамы жанғандай болды. Балалық шақтың бақытын сезініп, мереке

сыйлаған аға-әпкелерінің жүзіне жымия қарап, өз алғыстарын білдіргендей болды.

Жақсы жандарың игі істеріне риза болған ата-аналар қауымы да мерекелік ертеңгілікте сөз алып, өздерінің жылы лебіздерін білдірді. Бұқановтар отбасына алғыстарын айтып, Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.